№6 өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ

Қарауыл ауылы **«23» қараша 2022 ж.**

"Абай облысы Абай ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы Ж.Ж. Сайлаубеков, бұдан әрі "Абай облысы Абай ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ және "Проект Строй 2011" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі "Серіктестік" деп аталатын директор А. М. Жақсыбаев атынан, екінші жағынан, бұдан әрі Тараптар деп аталатын, әлеуметтік жобаларды іске асыру және Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі мақсатында Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Абай ауданы, Кеңгірбай би ауылдық округі, Кеңгірбай би ауылында орналасатын «Балалар лагерінің құрылысын салу» жобалық—сметалық құжаттамасын әзірлеу өзара ынтымақтастық туралы осы МЕМОРАНДУМ жасасты.

Шарттың мәні

«Балалар лагерінің құрылысын салу» жобалық-сметалық құжаттамасын өтеусіз негізде әзірлеп беру.

Бірлескен мақсаттарға қол жеткізу үшін шарттың мәні

1. "Абай облысы Абай ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ Серіктестікке «Балалар лагерінің құрылысын салу» сметалық құжаттамасын әзірлеуге тапсырма береді.
2. Серіктестік "Абай облысы Абай ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ «Балалар лагерінің құрылысын салу» сметалық құжаттамасын 15.12.2022 ж. дейін орындауға міндет алады.
3. Осы Меморандумның мақсаттарына қол жеткізу үшін Тараптар Ақпарат және құжаттама, нормативтік база алмасуға, осы Меморандумның мәні бойынша іс-қимылдарды үйлестіруге және келіссөздер жүргізуге, Тараптар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және келісімге қол жеткізу мақсатында бірлескен кеңестерге қатысуға міндеттенеді.
4. Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар осы меморандумның шарттарын орындағанға дейін 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін қолданылады.

5. Осы Меморандумды түсіндіруге немесе қолдануға қатысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

6. Осы Меморандумға Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жазбаша түрде ресімделуі тиіс және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

7. Осы Меморандум әрбір тарап үшін бір-бірден екі данада жасалды, олардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

Тараптардың заңды мекенжайлары

"Абай облысы Абай ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Абай облысы, Абай районы, Карааууыл ауылы, Құнанбай к. БСН 050240008249 БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ44070103KSN7102010 "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ Тел.: 91877	"Проект Строй 2011" ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Шәймерден Қосшығұлұлы көшесі, 20-39, ЖСН 111140015541 БИК KCJBKZKX КБЕ 17 ИИК KZ758562203112292324 "БанкЦентрКредит " АҚ

Бөлім басшысы Ж.Ж. Сайлаубеков

Директор А.М. Жақсыбаев